

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеген және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 30 маусымдағы № 220-V ҚРЗ

2011 жылғы 20 сәуірде Таллинде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеген және өзара қорғау туралы келісім ратификацияланын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы
Инвестицияларды көтермелеген және
өзара қорғау туралы келісім**

(2014 жылғы 26 тамызда құшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2014 ж., № 5, 44-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Уағдаласуши Тараптар),

бір Уағдаласуши Тарап инвесторларының екінші Уағдаласуши Тарап аумағында жүзеге асырған инвестицияларға қатысты өз мемлекеттерінің арасындағы экономикалық ынтымақтастықты кеңейтүге жәрдемдесуге ниет білдіре отырып;

негізге алғыншыл осындай инвестициялар жүзеге асырылатын осы Келісім жеке капиталдың ағыны мен Уағдаласуши Тараптар мемлекеттерінің экономикалық дамуын ынталандыратынын мойындағы отырып;

инвестициялар үшін тұрақты жағдайлар экономикалық ресурстарды пайдалану және өмір сүру деңгейін арттыру үшін барынша тиімді болатынымен келісе отырып; төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. «Инвестор» термині Уағдаласуши Тараптардың кез келгеніне қатысты:

а) Уағдаласуши Тараптардың бірінің мемлекетінің азаматы болып табылатын және екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында инвестицияларды жүзеге асыратын

ж е к е

т ұ л ғ а н ы ;

б) осы Уағдаласуши Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес құрылған немесе тіркелген және екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында инвестициялардың меншік иесі, иегері немесе акционері болып табылатын заңды тұлғаны білдіреді.

2. Эстония Республикасына қатысты «инвестор» термині Еуропалық Одаққа немесе Еуропалық экономикалық қеңістікке мүше мемлекеттің заңды тұлғасын да білдіреді, ол Еуропалық Одақтың қызмет етуі туралы шарттың 49 және 54-баптарына сәйкес құру еркіндігі контекстінде Эстония Республикасында агенттік немесе тұрақты өкілдік ретінде құру еркіндігін пайдаланады.

3. «Инвестициялар» термині Уағдаласуши Тараптардың бірінің инвесторлары екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында соңғы мемлекеттің заңнамасына сәйкес салған активтердің кез келген түрін білдіреді және атап айтқанда:

а) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, сондай-ақ ипотека, кепілдер, узуфрукттер және ұқсас құқықтар сияқты кез келген басқа құқықтарды;

б) акцияларды, үлестерді немесе компаниялардағы қатысудың өзге нысандарын;

с) қайта инвестицияланған кірістерді, облигацияларды, ақшалай талаптарды немесе инвестициялармен байланысты қаржылық құндылығы бар заңды қызметке кез келген басқа

құқықтарды;

д) авторлық және сабактас құқықтарды, өнеркәсіптік меншік құқығын, сауда белгілеріне, патенттерге, өнеркәсіптік ұлгілерге және технологиялық үдерістерге құқықтарды, есімдік сұрыптарына, ноу-хауға, сауда құпияларына, фирмалық атауларға құқықтарды және гудвиллді қоса алғанда, Уағдаласуши Тараптар мемлекеттері қатысушысы болып табылатын дәрежеде Халықаралық зияткерлік меншік ұйымының шенберінде жасалған халықаралық шарттарда айқындалғандай зияткерлік меншік құқықтарын;

е) Уағдаласуши Тараптар мемлекеттері заңнамасының негізінде экономикалық және коммерциялық қызметті жүзеге асыру құқықтарын қамтиды.

Активтер инвестицияланатын немесе қайта инвестицияланатын нысаннның кез келген өзгерісі олардың инвестициялар ретіндегі сипатын қозғамауы тиіс.

4. «Кірістер» термині инвестициялардан алынатын кірістерді білдіреді және атап айтқанда пайданы, дивидендтерді, пайыздарды, патенттік және басқа да сыйақыларды қ а м т и д ы .

5. «Аумак» термині:

Қазақстан Республикасына қатысты - ұлттық және халықаралық құқықтың заңнаманың нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасының егемендігін жүзеге асыратын және заңды құзырын тарататын жерді, суды, жер қойнауы мен әуе кеңістігін қоса алғанда, құрлық, теңіз және әуе шекаралары шегіндегі мемлекет аумағын; Эстония Республикасына қатысты - ол халықаралық құқыққа сәйкес егеменді

құқықтарын және заңды құзырын жүзеге асыратын Эстония Республикасының аумағы мен аумақтық теңізін, сондай-ақ аумақтық теңіздің сыртқы шекарасына іргелес жатқан теңіз аудандарын, Эстония Республикасының жоғарыда аталған кез келген аумақтарының теңіз түбі мен жер қойнауын білдіреді.

2-бап

Инвестицияларды көтермелеб

1. Әрбір Уағдаласуши Тарап өз мемлекетінің аумағында екінші Уағдаласуши Тараптың инвесторларына инвестицияларды жүзеге асыру үшін қолайлыш жағдай жасайды және өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес мұндай капиталдық салымдарға ж о л б е р е д і .

2. Өзара инвестициялық ағындарды көтермелеб мақсатында әрбір Уағдаласуши Тарап Уағдаласуши Тараптардың бірінің талабы бойынша екінші Уағдаласуши Тарапты өз аумағындағы инвестициялық мүмкіндіктер туралы хабардар ету үшін күш - жігерін салаады .

3. Әрбір Уағдаласуши Тарап қажеттілігіне қарай өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес кідіріссіз екінші Уағдаласуши Тарап инвесторлары жалдайтын басқарушы және техникалық мамандарды, консультанттарды және сарапшыларды қоса алғанда, негізгі персоналдың қызметімен байланысты қажетті рұқсаттарды береді.

3-бап

Инвестицияларды қорғау

1. Әрбір Уағдаласуши Тарап өз аумағында екінші Уағдаласуши Тарап инвесторларының инвестициялары мен кірістерінің толық қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс. Уағдаласуши Тараптардың ешқайсысы жөнсіз немесе кемсітушілік шаралармен инвестицияларды дамытуға, басқаруға, сактауға, пайдалануға, кеңейтуге, сатуға немесе егер ондай жою орын алса, жоюға кедергі келтірмейді.

2. Бір Уағдаласуши Тарап инвесторларының инвестициялары немесе кірістері екінші Уағдаласуши Тарап аумағында халықаралық құқыққа сәйкес әділ және теңқұқылы режимде жүзеге асырылады.

4-бап

Ұлттық режим және барынша қолайлыштық режимі

1. Уағдаласуши Тараптардың ешқайсысы өз аумағында екінші Уағдаласуши Тарап инвесторларының инвестициялары мен инвестициядан түсетін кірістеріне мүдделі инвесторларға қайсысы қолайлышрақ болып табылатындығына байланысты өз инвесторларының инвестициялары мен инвестициядан түсетін кірістеріне немесе кез

келген үшінші мемлекет инвесторларының инвестициялары мен инвестицияларынан түсетін кірістерге беретін режимнен қолайлылығы кем емес режим ұсынады.

2. Уағдаласуши Тараптардың ешқайсысы өз аумағында екінші Уағдаласуши Тараптың инвесторларына өздерінің инвестицияларының дамуына, оларды сақтауға, басқаруға, пайдалануға, кеңейтуге, сатуға немесе сатып алуға, өзге де жұмсалуына қатысты мұдделі инвесторларға қайсысы қолайлырақ болып табылатындығына байланысты өз инвесторларына немесе кез келген үшінші елдің инвесторларына көрсететін тараптан қолайлы емес режим ұсынбайды.

3. Уағдаласуши Тараптардың ешқайсысы өз аумағында негізсіз немесе кемсітуші салдарлармен материалдарды, өндіріс құралдарын сатып алуға, пайдалануға, тасымалдауға, өз өнімін немесе ұқсас тапсырыстарды өткізуге қатысты екінші Уағдаласуши Тарап инвесторларының капитал салымдары бойынша міндетті шараларды

белгілемеуге

тиіс.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері Уағдаласуши Тараптардың бірін екінші Уағдаласуши Тараптың инвесторларына:

а) Уағдаласуши Тараптардың бірі мүшесі болып табылатын немесе болашақта болуы мүмкін кез келген қазіргі немесе болашақтағы Кеден одағына немесе экономикалық немесе валюталық одакқа, еркін сауда аймағына немесе ұқсас халықаралық шарттарға;

б) толығымен немесе жартылай салық салуға қатысты кез келген халықаралық шартқа байланысты бірінші Уағдаласуши Тарап беруі мүмкін артықшылықтар немесе ерекшеліктерді таратуын міндеттейтіндей болып түсіндірілмеуге тиіс.

5-бап

Экспроприация

1. Бір Уағдаласуши Тарап өз аумағында екінші Уағдаласуши Тарап инвесторларының инвестицияларын тікелей немесе жанама экспроприацияламауға немесе мемлекет меншігіне алмауға немесе:

а) қоғамдық мұддеде;

б) кемсітпеушілік сіз негізде;

с) іс жүргізу құқығының нормаларына сәйкес;

д) жедел, барабар және тиімді өтемақы төлеумен қабылданатындарды қоспағанда, соған ұқсас кез келген шараларды (бұдан әрі - экспроприация) қабылдамауға тиіс.

2. Өтемақы қайсысы бұрын болғанына байланысты тікелей экспроприация немесе алда болатын экспроприация туралы белгілі болғанға дейін экспроприацияланған инвестициялардың әділ нарықтық құнына сәйкес келуге тиіс. Ол кідіртусіз төленуге, тиімді іске асырылуға және еркін аударылуға тиіс.

3. Екінші Уағдаласуши Тараптың экспроприацияны жүзеге асыруы нәтижесінде

зардап шеккен Уағдаласуши Тараптардың бірінің инвесторы осы баптың ережелеріне сәйкес өз ісінің соңғы Уағдаласуши Тараптың сот органының немесе басқа құзыретті және тәуелсіз органының кешіктірмей қаратуына, оның ішінде оның инвестицияларының бағалануына мен өтемақы төленуіне құқылы.

6-бап

Залалды немесе шығындарды өтеу

1. Егер Уағдаласуши Тараптардың бірінің инвесторлары жүзеге асырған инвестициялары екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында соғыстың немесе басқа да қарулы қақтығыстардың, азаматтық тәртіпсіздіктердің, төтенше жағдайдың, төңкерістердің, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ұқсас оқиғалардың нәтижесінде зиян немесе зардап шеккен жағдайда қабылдаушы Уағдаласуши Тарап реституцияға, өтеуге, өтемақыға немесе өтеудің басқа нысандарына қатысты өз инвесторларына немесе кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларына ұсынатыннан инвестор үшін қайсысы негұрлым қолайлыша болып табылатындығына байланысты қолайлышы кем емес р е ж и м

ұ с ы н а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері үшін залал келтірмей, осы баптың 1-тармағында аталған кез келген жағдайда:

a) олардың меншігін немесе билігінің бір бөлігін реквизициялау;
b) ұрыс қимылдары және жағдайдың қажеттілігі нәтижесінде туындаған олардың мүліктерін немесе биліктерінің бір бөлігін жою нәтижесінде екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында зиян немесе залал шеккен Уағдаласуши Тараптың инвесторларына, олардың мүліктерін алғы қою кезеңінде немесе жою нәтижесінде шеккен зиянға немесе залалға жедел, барабар және тиімді өтемақы немесе өтем беріледі. Қорытынды төлемдер еркін айырбасталатын валютада жүргізілуі тиіс және кідіріссіз еркін аударылады.

7-бап

Аударымдар

1. Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысы өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес өз аумағында екінші Уағдаласуши Тараптың инвестицияларына байланысты төлемдердің еркін аударымын қамтамасыз етеді. Мұндай төлемдер мыналарды қамтиды, атап айтқанда :

а) инвестицияларды қолдау немесе ұлғайту үшін жарғылық капитал және қосымша қаралашта ;

б) пайда ;

с) қарыз туралы келісімді қоса алғанда, келісімшарт бойынша төлемдер;
d) инвестициялардың барлығын немесе кез келген бөлігін жоюдан немесе сатудан

е) осы Келісімнің 5 және 6-баптарына сәйкес өтемақы төлеу;
 f) инвестициялық даулар қорытындысы бойынша төлемдер;
 g) инвестицияларға байланысты шетелден жалданған персоналдың жалақысы мен
 с ы й а қ ы л а р ы .

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы баптың 1-тармағына сәйкес аударымдар аударым
 күніне қолданыстағы нарықтық айырбастау бағамы бойынша еркін айырбасталатын
 валютада жүргізілуін қамтамасыз етеді және кідіріссіз жүзеге асырылуы тиіс.

3. Осы баптың ережелері Уағдаласушы Тараптарға экономикалық, кеден және
 валюта одағының мүшесі ретінде өз міндеттемелерін адал орындауына тежеуші ретінде
 түсіндірілмей тиіс .

4. Осы баптың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Тараптардың кез келгені тек
 қана қаржылық және экономикалық жағдайларда, сондай-ақ төлем теңгерімімен
 айтартықтай қыншылықтар жағдайында, өз мемлекетінің заңнамасына және 1944
 жылғы 22 шілдедегі Бреттон-Вудсте қабылданған Халықаралық Валюта Қорының
 келісімдері Баптарының талаптарына сәйкес валюталық шектеулерді енгізе алады.

8-бап

Суброгация

1. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі инвесторларының екінші Уағдаласушы
 Тараптың аумағында жүзеге асырылған инвестициялары соңғысының заңнамасында
 белгіленген жүйемен коммерциялық емес қатерлерден сақтандырылған болса,
 сақтандыру шарттарының талаптарынан туындаитын сақтандырушының кез келген
 суброгациясын екінші Уағдаласушы Тарап мойындайды.

2. Сақтандырушы инвестор жүзеге асыруға құқылы болған құқықтардан басқа, кез
 келген құқықтарды жүзеге асыруға құқығы жоқ, Суброгация бойынша талап ету
 құқығы инвестордың алғашқы құқықтарынан аспауы тиіс.

9-бап

Уағдаласушы Тараптың және екінші Уағдаласушы Тарап инвесторының арасындағы дауларды реттеу

1. Екінші Уағдаласушы Тараппен дау пайда болған бір Уағдаласушы Тараптың
 инвесторы оны келіссөздер мен консультациялар жолымен шешуге тырысуы тиіс.

2. Келіссөздер үдерісін бастау үшін инвестор екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша
 хабарлама жіберуі тиіс. Хабарламада мыналар көрсетілуі тиіс:

- a) дауласушы инвестордың атауы және мекенжайы;
- b) инвестордың пікірінше осы Келісімнің бұзылған ережелері;

- c) талап қою үшін нақты және құқықтық негіздемелер және
d) сұратылатын қаражат және мәлімденген залал сомасы.

3. Егер дау жазбаша хабарлама алынған сөттен бастап алты ай ішінде реттелмесе, инвестордың талабы бойынша оны:

а) аумағында инвестициялар жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тараптың құзіретті сотовы, нәмесе

б) 1965 жылғы 18 наурызда Вашингтонда қол қою үшін ашылған Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің азаматтары арасындағы Инвестициялық дауларды реттеу туралы конвенцияға сәйкес құрылған Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (ИДРХО). Талқылау кезінде Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы осы Келісім бойынша кез келген осындай дауды ИДРХО-ға беруге түпкілікті түрде келіседі. Бұл ішкі әкімшілік және сот қорғау құралдары жойылуы тиіс талаптан бас тартуды білдіреді нәмесе

с) Халықаралық сауда құқығы бойынша БҰҰ комиссиясының Төрелік регламентіне сәйкес үш төрешіден құралатын төрелік шешуі мүмкін. Төрелік жағдайында әрбір Уағдаласушы Тараптардың тіпті Уағдаласушы Тараптар мен инвестор арасында жеке төрелік келісім болмаған жағдайда да осы Келісім бойынша кез келген осындай дауды аталған соттың қарауына беруге алдын-ала қайтарымсыз келісім береді.

4. Сот шешімі түпкілікті және міндетті болып табылады. Әрбір Уағдаласушы Тарап өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес төрелік шешімді тануды және оны орындауға келтіруді қамтамасыз етуі тиіс.

5. Дауда тарап болып табылатын Уағдаласушы Тарап келісу үдерісінің және төрелік талқылаудың не төрелік шешімді орындаудың кез келген сатысында дауда тарап болып табылатын екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы өз шығынының барлығына немесе бір бөлігіне қатысты кепілдікке орай өтемақы алғандығына қарсылық білдіре аладайды.

6. Дауды осы баптың 3-тармағының а) тармақшасына сәйкес ұлттық сотқа немесе осы баптың 3-тармағының б) және с) тармақшаларында көрсетілген төрелік соттарын біріне беретін инвестордың оны кез келген басқа сотқа немесе төрелікке беруге құқығы жоқ. Сот немесе төрелік сотты инвестордың тандауы түпкілікті болып табылады.

10-бап

Уағдаласушы Тараптар арасындағы дауларды реттеу

1. Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты Уағдаласушы Тараптар арасындағы даулар мүмкіндігінше келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

2. Егер дау осы баптың 1-тармағына сәйкес алты ай ішінде реттелмесе, онда ол Уағдаласушы Тараптардың бірінің өтініші бойынша үш мүшеден құралатын төрелік

3. Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысы бір-бірден төрелік мүшесін тағайындауды және төреліктің осы екі мүшесі төраға ретінде үшінші мемлекеттің азаматын келіседі. Төреліктің осындай мүшелері Уағдаласуши Тараптың бірі екінші Уағдаласуши Тарапқа дауды төрағасы кейінгі екі ай ішінде тағайындалатын аралық соттың қарауына беру ниеті туралы хабарлаған күннен бастап екі ай ішінде тағайындалады.

4. Егер осы баптың 3-тармағында көрсетілген мерзімдер сақталмаса, Уағдаласуши Тараптардың бірі кез келген басқа тиісті уағдаластықтарсыз қажетті тағайындау жүргізу үшін БҰҰ Халықаралық сотының төрағасына жүгіне алады. Егер БҰҰ Халықаралық сотының төрағасы Уағдаласуши Тараптардың бірінің азаматы болып табылса немесе өзге де себептермен көрсетілген функцияны орындаі алмаса, Төрағаның орынбасары немесе оның қабілетсіздігі жағдайында БҰҰ Халықаралық Сотының шені бойынша ұлken келесі басқа мүшесі БҰҰ Халықаралық Сотының қағидаларына сәйкес қажетті тағайындау жасауға сондай шарттармен шақырылуы м ү м к і н .

5. Егер Уағдаласуши Тараптар өзге шешім қабылдамаса, Төрелік сот өзінің рәсім қағидарапын б е л г і л е й д і .

6. Төрелік сот өз шешімін осы Келісім бойынша немесе халықаралық құқық нормаларына сәйкес шығарады. Ол өз шешімін көпшілік дауыспен шығарады, ал шешім Уағдаласуши Тараптар үшін түпкілікті және міндетті болуы тиіс.

7. Әрбір Уағдаласуши Тарап өзінің төрелік мүшесінің шығыстарын және төрелік талқылауда заң өкілдігін өзі көтереді. Төрағаның шығыстары мен қалған шығыстарды екі Уағдаласуши Тарап тендей көтереді. Алайда, сот өз шешімінде шығындарды басқаша бөлуді анықтай алады.

11-бап

Келісімнің қолданылуы

Осы Келісім осы Келісім күшіне енгенге дейін немесе кейін жүзеге асырылған инвестицияларға қолданылады, бірақ ол күшіне енгенге дейін туындауы мүмкін кез келген инвестициялық дауға қатысты қолданылмайды.

12-бап

Келісімнің күшіне енуі, қолданылу мерзімі және қолданысын тоқтату

1. Осы Келісім Уағдаласуши Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім он жыл мерзімге жасалады және Уағдаласуши Тараптардың кез келгені екінші Уағдаласуши Тарапқа бастапқы немесе кез келген кейінгі кезеңдер өткенге дейін бір жылдан кешіктірмей өзінің осы Келісімнің қолданылуын ұзартпау ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлағанға дейін келесі он жылдық мерзімдерге ұзартылатын болады.

3. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған күнге дейін жүзеге асырылған қурделі салымдарға қатысты осы Келісімнің ережелері оның қолданылуы тоқтатылғаннан кейін он жыл бойы қолданылуын жалғастыратын болады.

4. Инвестицияларды қорғау деңгейі осы Келісімде көзделген деңгейге тең болған жағдайда, егер осы Келісім бойынша Эстония Республикасының міндеттемелері оның Еуропалық Одаққа мүшелігінен туындайтын міндеттемелерден асып түссе, осы Келісімнің қолданылуы алты айда дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жолымен тоқтатылуы мүмкін.

Осыны күэландыру үшін өз үкіметтері тиісті тұрде уәкілеттік берген тәменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

2011 жылы «20» сәуірде, Таллин қаласында әрқайсысы қазақ, эстон, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Ұағдаласуышы Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін Эстония Республикасының

2011 жылғы 20 сәуірде Таллин қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеген және өзара қорғау туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін күэландырамын.

**Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі¹
Халықаралық-құқық департаментінің
Басқарма бастығы**

Бұдан әрі Келісімнің эстон және ағылшын тілдеріндегі мәтіні берілген.